ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 2 желтоқсан №1112-24-00-2/3740 Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Жакупов А.А.,
сот отырысының хатшысы Жеребенко-Волосникова А.С.,
ашық сот отырысында азаматтық істі қарап:

ТАЛАПКЕР:
«Астана қаласы «Алматы» ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«IT ANALITICAL GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАРЫ:
жауапкер өкілі Богатырев Ю.А.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 26 сәуірде №12175706-2 Астана «Алматы» ауданы бойынша бақтар, саябақтарды және қоғамдық кеңістіктер жинау бойынша қызметтеріне конкурс жарияланған болатын.

Осы конкурсқа «IT ANALITICAL GROUP» ЖШС (бұдан әрі - жауапкер) қатысқан, ақпарат берген.

«Астана қаласы «Алматы» ауданы әкімінің аппараты» ММ (бұдан әрі - талапкер) талап қоюды жауапкер конкурсқа анық емес ақпаратты бергенімен негіздеді.

Жауапкер өкілі талап қоюмен келіспей талакердің талаптарына өткізілген талап қою мерзімін қолдануды сұрады және жазбаша пікірде

Құжатқа қол қойылған: Жакупов А. А., 02.12.2024
112-24-3-1/3767

келесіні келтірді. "Зил Ммз 4502", тіркеу нөмірі С435ТНМ, автокөлік туралы конкурстық құжаттарда анық емес мәліметтер автокөлік иесінің қателігіне байланысты көрсетілген. Қателікті жою мақсатпен автокөлікті жалдау бойынша шартқа 2024 жылғы 18 қыркүйекте тиісті өзгерістер енгізілді.

Талапкер өкілі сот талқылауын олсыз өткізуге және талап қоюды қолдау туралы жазбаша өтініш білдірді.

Сотта жауапкер өкілі талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 11-бабының 1-тармағына сәйкес, біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.

Заңның 12-бабының 4-тармағының 1-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Іс құжаттарына сәйкес 2024 жылғы 18 қыркүйекте Астана қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің Астана қаласы «Алматы» ауданы әкімінің аппаратына түскен хаты бойынша, әлеуетті өнім беруші «IT ANALITICAL GROUP» ЖШС жоғарыда көрсетілген конкурсқа қатысушы анық емес ақпарат бергені туралы, атап айтқанда, камералдық бақылаумен «IT ANALITICAL GROUP» ЖШС біліктілігі туралы мәліметтерде 2019 жылғы 13 желтоқсанда тіркеу есебінен шығарылған С435ТНМ тіркеу нөмірімен «ЗИЛ ММЗ 4502» көлік құралының материалдық ресурсын ұсынғаны анықталды.

Осылайша, құжаттар бойынша анық емес мәліметтер беру фактісі анықталды.

Жауапкер өкілі осы фактіні сотта мойындады.

Автокөлік иесінің кателігі жауапкердің кінәсін анықтауына кедергі болып табылмайды.

Қаралған талаптарды талап қою мерзімін талапкер өткізілмеген (талап қою соңғы күні берілген).

Осыған байланысты, «IT ANALITICAL GROUP» ЖШС мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануға жатады, жауапкер өкілінің қарсылығын сот қабылдамайды.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Құжатқа қол қойылған: Жақупов А. А., 02.12.2024

АПК-нің 117, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Астана қаласы «Алматы» ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің «IT ANALITICAL GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою қанағаттандырылсын.

«IT ANALITICAL GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылысын.

«IT ANALITICAL GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге көлемінде мемлекет пайдасына мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге бір ай ішінде шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап осы сот арқылы Ақмола облыстық сотының азаматтық істер бойынша сот алқасына апелляциялық шағым және (немесе) өтінішхат берілуі (келтіруі) мүмкін.

Судья **А.А. Жакупов**

«ТЕРЕҢ» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТЕРЕҢ»
- Судопроизводство -

Құжатқа қол қойылған: Жакупов А. А., 02.12.2024